

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 448-ІІ Заңы

Ереванда 2001 жылғы 25 мамырда жасалған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі туралы хаттама бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі туралы ХАТТАМА

(2003 жылғы 24 шілдеде күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) қатысушы мемлекеттер,

Шарттың, Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасының ережелерін, Шартқа қатысушы мемлекеттердің коалициялық стратегиясының негізгі ережелерін және оны дамытуға қабылданған басқа да құжаттарды басшылыққа ала отырып,

Шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің (бұдан әрі - ұжымдық қауіпсіздік жүйесі) күштері мен құралдарын қалыптастыру жөніндегі әрі қарайғы іс-жүзіндегі шараларды қабылдау қажеттілігіне сүйене отырып,

ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудың аймақтық қағидатын және әскери қауіпсіздік саласында жасалған екі жақты келісімдерді ескере отырып,

халықаралық құқықтың көпшілік қабылдаған қағидаттарын сақтай отырып және сенім мен қауіпсіздікті нығайту шаралары жөніндегі өздерінің халықаралық міндеттемелерін растай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік жүйесі күштері мен құралдарының құрамында мынадай коалициялық (аймақтық) әскер (күштер) топтары мен оларды басқару органдары қалыптасады:

- ұжымдық қауіпсіздіктің Шығыс еуропалық аймағының әскер топтары (Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы Одақтас мемлекеттерінің шеңберінде қалыптасады);

- ұжымдық қауіпсіздіктің Кавказ аймағының әскер топтары (Армения мен Ресей арасындағы екі жақты келісімдердің негізінде қалыптасады);

- ұжымдық қауіпсіздіктің Орталық Азия аймағының әскер топтары (Шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы екі жақты және аймақтық келісімдер негізінде қалыптасады);

- ұжымдық қауіпсіздік аймақтарындағы (аудандарындағы) біріккен жүйелер топтары (ӘШҚ, барлау, байланыс, басқару және т.б.);

- коалициялық (аймақтық) әскер (күштер) топтарын және біріккен жүйелерді (бұдан әрі - әскерлер мен біріккен жүйелердің аймақтық топтары) қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге арналған ұжымдық қауіпсіздік жүйесін әскери басқарудың мемлекетаралық органы.

2-бап

Әскерлер мен біріккен жүйелердің аймақтық топтарына болуы ықтимал басқыншылықты (қарулы шабуылды) жою және тойтарыс беру, Шартқа қатысушы мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау жөніндегі міндеттерді шешу жүктеледі.

Тараптардың біріне басқыншылық актісі жасалған жағдайда бір немесе бірнеше Тараптың өтініші бойынша ұжымдық қауіпсіздіктің бір аймағының (ауданының) аймақтық әскер (күштер) топтарының құралымдары Шарттың 4 және 6-баптарының ережелеріне сәйкес ұжымдық қауіпсіздіктің басқа аймағындағы (ауданындағы) басқыншылыққа (қарулы шабуылға) тойтарыс беруге қатысуы мүмкін.

Тараптар ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде тең жауапкершілік пен мүмкіндіктерге жағдай жасау мақсатында өздерінің ұлттық заңнамаларын жақындату процесін жылдамдату ниетін растайды.

3-бап

Әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының құрамын ұжымдық қауіпсіздіктің тиісті аймағының (ауданының) мемлекеттері айқындайды.

Әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының құрамына бөлінетін бірлестіктердің, құрамалар мен әскери бөлімдердің тізбелерін ұжымдық қауіпсіздік аймағының (ауданының) мемлекет басшылары бекітеді.

Қалыптасып отырған әскери-стратегиялық жағдайға байланысты әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының құрамына бөлінетін бірлестіктердің, құрамалар мен әскери бөлімдердің тізбесі ұжымдық қауіпсіздіктің тиісті аймағы (ауданы) мемлекеттерінің күштері мен құралдары есебінен нақтылануы және т о л ы қ т ы р ы л у ы м ү м к і н .

Аймақтық әскер топтарына қызмет көрсететін Тараптардың соттарын, прокуратура және қауіпсіздік органдарын жасақтау және қызмет тәртібі бір Тараптың әскери құралымдарының басқа Тарап аумағында уақытша болуымен байланысты юрисдикция және құқықтық көмек мәселелері жөніндегі жекелеген келісімдермен реттеледі.

4-бап

Бейбіт уақытта әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының құрамына бөлінген қарулы күштер мен басқа да әскерлердің бірлестіктері, құрамалары, әскери бөлімдері егер аймақ мемлекеттері басқаша шешім қабылдаса, өз аумағында олардың әскери басқару органдарының бағынысында болады. Әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының қажетті жауынгерлік әзірлігін қолдау мақсатында бірыңғай келісілген жоспарлар бойынша осы әскери құралымдардың жедел (жауынгерлік) даярлығы өткізіледі.

Әскерлер мен біріккен жүйелердің аймақтық топтарын өрістету алдын ала әзірленген жоспарларға сәйкес әскери қақтығыстың басталуына тікелей ықпал ететін ахуалдың бірте-бірте немесе шұғыл шиеленісуі кезеңінде жүзеге асырылады.

5-бап

Бір немесе бірнеше Тараптың өтініші бойынша әскерлер мен біріккен жүйелердің аймақтық топтарын өрістету мен қолдануға шешім ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын қолдануға ұжымдық шешім қабылдау және іске асыру тәртібі туралы ережеге сәйкес қабылданады.

Әскерлер мен біріккен жүйелердің аймақтық топтарын жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру, ұлттық бөліктерді аймақтық қолбасшылыққа қайта бағындыру, әскерлер мен біріккен жүйелердің аймақтық топтарын өрістету мен қолдану тәртібі ұжымдық қауіпсіздік аймағы мемлекеттерінің қорғаныс министрлері бекіткен жекелеген Ережелермен айқындалады.

Әскерлер мен біріккен жүйелердің аймақтық топтарын жауынгерлік қолдану, олардың түрлі деңгейлердегі өзара іс-қимылы, сондай-ақ жан-жақты қамтамасыз ету Коалициялық (аймақтық) әскер (күштер) топтарының операцияларын дайындау және жүргізу негіздеріне және аймақтық әскер және біріккен жүйелер топтарын дайындау мен қолдану тәртібін айқындайтын басқа да құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап

Тараптар әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының құрамына бөлінген өздерінің әскерлерін (күштерін) техникалық және тылмен қамтамасыз етуді дербес жүзеге асырады, көпшілік қабылдаған тәртіпке сәйкес келісілген нормаға дейін материалдық құралдар қорларын жасайды және толықтырады. Техникалық және тылмен қамтамасыз етудің басқаша тәртібі Тараптардың келісімі бойынша әрбір нақты жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

7-бап

Әскерлер мен біріккен жүйелердің аймақтық топтарының құрамына бөлінген әскерлерді тікелей басқару, оларды жедел қамтамасыз ету үшін әрбір аймақта ұжымдық негізде аймақтық әскер топтарының қолбасшылығы құрылады.

Осы қолбасшылықтардың қызметін қалыптастыру, қаржыландыру және ұйымдастыру тәртібін ұжымдық қауіпсіздік аймақтарының мемлекеттері айқындайды.

8-бап

Бейбіт уақытта әрбір аймақтық әскер топтарының қолбасшылығы Тараптардың келісімі бойынша олардың бас (негізгі) штабтарының бірінің базасында ұжымдық қауіпсіздік аймағы мемлекеттерінің қарулы күштері өкілдерінен тұрақты жедел топ үлгісінде қысқартылған құрамда жұмыс істеуі мүмкін. Қатерлі кезеңде немесе командалық-штабтық және әскери оқу-жаттығуларды дайындау және өткізу уақытында оны қалыптастыру, қызметін ұйымдастыру және штаттық құрамға дейін өрістету тәртібін ұжымдық қауіпсіздік аймақтарының мемлекеттері айқындайды.

9-бап

Ұжымдық қауіпсіздіктің жалпы жүйесі шеңберінде әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының өзара іс-қимылын үйлестіру, сондай-ақ ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын қалыптастырумен және жұмыс істеуімен байланысты мәселелерді шешу, аймақтық әскер топтарының қорғаныс министрліктерімен және қолбасшылықтарымен бірлесіп ұжымдық қауіпсіздік мүддесінде жедел және жауынгерлік даярлықтың бірлескен іс-шараларын дайындау және өткізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін ұжымдық қауіпсіздік жүйесін әскери басқарудың мемлекеттік органы құрылады.

10-бап

Әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының құрамына бөлінген басқару органдары мен әскерлерді (күштерді) жедел және жауынгерлік даярлаудың бірлескен іс-шаралары Шартқа қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлері кеңесі ұсынатын және Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі бекітетін жыл сайынғы жоспарларға с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

Жедел және жауынгерлік даярлықтың бірлескен іс-шараларын қаржыландыру Тараптардың үлестік қатысуының негізінде жүзеге асырылады.

Тақырыптар, жұмылдырылатын басқару органдары мен әскерлер (күштер) құрамы, аймақ аралық деңгейдегі іс-шараларды өткізу аудандары мен мерзімдері бойынша жоспарларды келісуді Шартқа қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері бас (негізгі) штабтарының бастықтары жүзеге асырады.

Қорғаныс министрліктері арасындағы жедел мәселелер, әскерлерді оқыту үлгілері мен тәсілдері және әскерлер мен біріккен жүйелер аймақтық топтарының жауынгерлік іс-қимылдарын қамтамасыз етудің барлық түрлері бойынша әдістемелік құжаттар алмасу ұлттық заңнамаларды ескере отырып жүзеге асырылады.

11-бап

Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын қалыптастыру, оларды даярлау, қолдану және жан-жақты қамтамасыз ету міндеттерін ұлттық деңгейде шешуге уәкілетті органдар Шартқа қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің қорғаныс министрліктері мен бас (негізгі) штабтары болып табылады.

12-бап

Осы Хаттама Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі Хатшылығының Тараптардың оны күшіне енгізу жөніндегі қажетті мемлекетішілік рәсімдерді өткізгендігі туралы үшінші хабарламасын алған күннен бастап күшіне енеді және Шартты ұзартқан жағдайда автоматты түрде ұзартылады.

13-бап

Осы Хаттамаға жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Ол хаттамалар осы Хаттаманың 12-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Ереван қаласында 2001 жылғы 25 мамырда орыс тілінде бір түпнұсқа дана болып ж а с а л д ы .

Түпнұсқа дана Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығында сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесін осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жібереді.

Армения Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін
Қазақстан Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін
Тәжікстан Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК